



НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

Ұлттық Банктің зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметі

Астана қ.
2025ж. Қазан



ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ




- БЖЗҚ зейнетақы активтері 2025 жылдың басынан бастап **2,6 трлн теңгеге** немесе **11,7%-ға** ұлғайып, **25,0 трлн теңгені** құрады
- БЖЗҚ зейнетақы активтерінің **валюталық үлесі кезең кезеңімен** ұлғайтылды және **40%** деңгейде қолдау тапты
- Валюталық активтерді инвестициялау активтер сыныптары бойынша **нысаналы стратегиялық бөлуге** сәйкес жүзеге асырылады және **шетелдік басқарушы компанияларды** тартуды көздейді




ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

01.10.2025ж. зейнетақы активтерінің портфелі



25,0 трлн теңге

01.10.2025ж. зейнетақы активтерінің валюталық портфелі



19,7 млрд АҚШ доллары (10,8 трлн теңге)

- БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау эмитенттерге және олардың қаражатты пайдалану мақсаттарына қарамастан, тек **нарықтық мөлшерлемелер** бойынша жүзеге асырылады
- **Валюталық портфельді** басқару **индекстік негізде** жүзеге асырылады және АҚШ қазынашылық облигациялары, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мен акциялар сияқты негізгі шетелдік активтер сыныптарына инвестициялауды көздейді



ВАЛЮТАЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ ИНДЕКСТІК БАСҚАРУ

Субпортфель	Эталондық индекстің құрамы
Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары	➤ АҚШ долларымен көрсетілген өтеу мерзімі 10 жылға дейінгі АҚШ МБҚ ➤ 2025 жылғы 1 қазандағы осы индекстің құрамына облигациялардың 203 шығарылымы кіреді
Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары	➤ АҚШ долларымен номиналданған, рейтингтік көрсеткіші «BB» төмен емес дамушы мемлекеттердің эмитенттері шығарған облигациялар ➤ Осы индекстің құрамына 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша АҚШ долларымен номиналданған, 28 дамушы мемлекеттер (Катар, БАӘ, Венгрия, Мексика, Малайзия және басқалары) шығарған 440 облигация шығарылымы кіреді
Корпоративтік облигациялар	➤ АҚШ долларымен номиналданған, жоғары капитализациясы және рейтингтік көрсеткіші «BBB» төмен емес дамыған және дамушы мемлекеттердің резидент-эмитенттері шығарған корпоративтік бағалы қағаздар ➤ Осы индекстің құрамына 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 1 367 эмитент (Bank of America, JPMorgan, Amazon, Intel және басқалары) шығарған 7 914 облигация шығарылымы кіреді.
Акциялар	➤ Дамыған мемлекеттер компанияларының акциялары ➤ Осы индекстің құрамына 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 23 дамыған мемлекетке тиесілі жоғары және орта капитализациясы бар компаниялардың 1 279 акциясы кіреді (Apple, Microsoft, Tesla және басқалары) ➤ Индекстің негізгі бөлігін, шамамен 75%-ын, АҚШ компанияларының акциялары құрайды. Сондай-ақ индекс құрамына Жапония, Ұлыбритания, Франция, Канада және басқа да мемлекеттердің акциялары кіреді
Өтімділік портфелі	➤ «А-» төмен емес рейтингі және айналыс мерзімі 1 жылдан аспайтын шет мемлекеттердің МБҚ, шетелдік банктердегі қысқа мерзімді депозиттер және т. б. сияқты нысаналы аллокациядан тыс активтер.



ӘЛЕМДІК АКЦИЯЛАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР ИНДЕКСТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

MSCI индексі



АҚШ мемлекеттік бағалы қағаздар индексі



Дамушы елдер облигацияларының индексі




Инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар индексі





ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ КІРІСТІЛІГІ



- 2025 жылдың басынан бастап зейнетақы активтерінің **кірістілігі** есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **1,8 трлн** теңге болған кезде **7,7%** құрады
- 2014 жылғы сәуірден бастап (шоғырландыруды аяқтау кезеңі) 2025 жылғы қыркүйекке дейінгі кезеңдегі зейнетақы активтерінің **жинақталған кірістілігі 181,6%** мөлшерінде жинақталған инфляция кезінде **201,8%** құрайды



01.10.2025ж. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС


Кіріс түрі	Көлемі, млрд теңге
Есептелген сыйақыдан түскен кіріс	1 313,8
Валюталық активтерді бағамдық қайта бағалаудан түсетін кіріс	495,5
Нарықтық қайта бағалаудан түскен кіріс, оның ішінде:	-15,9
<i>ҚР МБҚ бойынша</i>	-654,2
<i>сыртқы басқарудағы активтер бойынша</i>	417,3
Басқа кірістер	39,85
Барлығы:	1 833,2

- Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында инвестициялық кірістің төмендеуі байқалды, бірақ сәуір айынан бастап бұл жағдай өзгеріп, оң инвестициялық кіріс қайта жанданды, ол 9 айдың қорытындысы бойынша **1,8 трлн** теңгені құрады
- 2024 жылғы қазаннан 2025 жылғы қыркүйекке дейінгі **соңғы 12 айда** есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **3,1 трлн** теңгені, **12,90%** инфляция кезінде кірістілік **14,11%** құрады




БЖЗҚ КІРІСТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

*Валюта портфелінің үлесі
және оның белсенді аллокациясы*



Валюта портфелінің жоспарланған аллокациясы



- БЖЗҚ зейнетақы активтерінің **кірістілігін арттыру** мақсатында ұзақ мерзімді кезеңде **акциялар мен баламалы құралдар** сияқты активтердің неғұрлым **кірістілік кластарын 40%-ға** дейін **ұлғайту жолымен** валюталық портфельдің қолданыстағы **стратегиялық аллокациясын** қайта қарау жоспарлануда
- Инвестициялық портфельге **балама инвестицияларды** енгізу **әлеуетті кірісті арттырып** қана қоймай, сонымен қатар оның **тепе-теңдігін** айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді, бұл қоғамдық нарықтардың циклдік және құбылмалылығына тәуелділікті азайтады
- Баламалы құралдарды әлемдегі **зейнетақы және егеменді қорлар** кеңінен қолданады, сондай-ақ 2015 жылдан бастап **ҚРҰБ АВА** және 2023 жылдан бастап **Ұлттық қордың** активтерін басқаруда **табысты қолданылады**